

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 және 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 27 қазан N 1623

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405

P990405\_

қаулысына

(Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат);

көрсетілген қаулыға 1-қосымшадағы:

"Ақмола облысы" бөлімі:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 68-6-жолмен толықтырылсын:

"68-6 СКО-000204 "Құлагер" ААҚ";

"Алматы облысы" бөлімі:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 198-15, 198-16-жолдармен толықтырылсын:

"198-15 АЛМ-000051 "Қастек батыр атындағы мемлекеттік асыл тұқымды мал зауыты" ААҚ";

"198-16 АЛМ-000580 "Алматы" ААҚ";

көрсетілген қаулыға 2-қосымшадағы:

"Алматы облысы" бөлімінде:

реттік нөмірлері 23, 37-жолдар алынып тасталсын;

"Солтүстік Қазақстан облысы" бөліміндегі:

реттік нөмірі 278-жол алынып тасталсын;

2) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік

пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659

P990659\_

қаулысына:

"Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне"

бөліміндегі:

реттік нөмірлері 166, 167-жолдар алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесе отырып осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Омарбекова А.Т.